

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.


В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016



Осылай тақырып бойынша, түрлі анимацияларды қолдану арқылы біз қалған жұмыстарды істей аламыз.

Қорыта айтқанда, біз жасаған бұл мультимедия түрін оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін және көбірек қызықты ақпаратқа қолдары жетуіне мүмкіндік береміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дронов В. - Macromedia Flash Professional 8. Графика и анимация, БХВ-Петербург, 2006
2. 2008-2009 оқу жылынан бастап оқу процесіне басқа «Қазақстан тарихы» оқулығы, авторлары: З.Қабылдинов, А.Қайыпбаева, «Атамұра» баспасы.

ӘОЖ 004.67

БІЛІМ САПАСЫНЫҢ МОНИТОРИНГІ ЖӘНЕ РЕЙТИНГІ

Жұматаева Еркежан Гаппасқызы, Абильдинова Гүлмира Маратовна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультетінің, информатика білім мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.М.Абильдинова п.ғ.к доцент міндетін атқарушы

Қазіргі уақытта білім беру процесінің мониторингі және рейтингі жоғары оқу орнының негізгі сипаттамаларын зерттеуде маңызды құралы болып табылады. Зерттелген тақырып жағдайының өзгеруін көруге, ЖОО ресурстары бағытталған мәселелердің оң немесе теріс әсерін қадағалауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер негізінде алдыңғы мониторингтің қаншалықты дұрыс қабылданғаны, сонымен қоса зерттелген уақыт ішінде университет имиджі қаншалықты өзгергеніне қорытынды жасалынады. Зерттеліп отырған объект туралы тұрақты түрде ақпарат алу және оның дамуы процессін болжау мақсатында білім беру мониторингін зерттеу ірі қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарының мәселелер [1].

Білім сапасының мониторинг жүйесін университет факультеттері білім сапасын бағалау және мониторинг бөлімінің басшылығымен жүргізеді. Мониторингілік рәсімдер жоспарлы түрде ұйымдастырылуы қажет. Сапа мониторингінің қорытындылары аналитикалық анықтамалар (есептер, баяндамалар) түрінде ресімделіп, университеттің

алқалы органдарының отырыстарында қаралуы тиіс. Сапа мониторинг жүйесіне қойылатын талаптар:

- жүйе білім беру үдерісінің негізгі қатысушыларына бейімделуге тиіс;
- жүйенің қызметі өткізілетін мониторингтің айқындығын және оның қорытындыларының университет ұжымы үшін ашық болуын қамтамасыз етуге тиіс;
- жүйе кері байланыс қағидасының сақталуын қамтамасыз етуге және жалпы сапаны арттыру бойынша қабылданған түзету шараларының жүзеге асырылуын талдануды қарастыруға тиіс;
- жүйе университет өмірі айналымының үдерісін жетілдіруге бағытталған әр түрлі мониторинг түрлерін қарастыруға тиіс;
- жүйе мониторингтің қабылданған талаптарына сәйкес келуге және қабылдау, ағымдағы үлгерім мен бітіру сапасының талдау қағидаларының сақталуын және білім беру үдерісіне қатысушылардың қанағаттанушылығын қарастыруға тиіс;
- жүйе қабылдау, ағымдағы үлгерім мен бітіру кезеңдерінде білім алушылардың академиялық мәліметтерінің корреляциясын қамтамасыз етуге тиіс.

Білім беру сапасы мониторингісінің негізгі түрлері

Мониторингтің оқу үдерісімен байланысты негізгі түрлері қабылдау сапасының мониторингі, білім алушылардың ағымдағы үлгерімдерінің мониторингі, білім алушылардың алған білімінің мониторингі, білім алушылардың бітіру сапасының мониторингі, оқу үдерісін ұйымдастыру сапасының мониторингі, пәндердің оқытылу сапасының мониторингі, білім алушылардың көрсетілген қызметтер сапасына қанағаттану мониторингі, жұмыс берушілердің бітірушілер дайындығын деңгейіне қанағаттану мониторингі, профессорлық-оқытушылар құрамының кәсіби дамуының мониторингі, оқытушылардың басқару жүйесіне және еңбек шарттарына қанағаттану мониторингі болып табылады.

Білім беру сапасы мониторингі қабылдау сапасының мониторингі университеттің білім беру бағдарламасына оқуға түсетін талапкерлердің академиялық дайындығын бағалауды қарастырады.

Ағымдағы үлгерім мониторингі семинарлық сабақтар, коллоквиумдар, оқытушының жетекшілігімен өтетін өздік жұмыс, өз бетінше дайындалу, емтихандар мен іс-тәжірибеден өту шеңберінде білім алушылардың дамуын бағалауды қарастырады.

- Білім алушылардың ағымдағы дамуын бақылау рейтингтік жүйе арқылы жүзеге асырылады.
- Ағымдағы үлгерім мониторингі семестрлік сессиялар мен білім алушылардың тәжірибелік дағдыларының қорытындыларын талдау аясында жүзеге асырылады.
- Талдау сессиялардың академиялық көрінісінің бағалануын, оның ішінде факультеттер, мамандықтар, емтихан пәндері тұрғысынан білім алушылардың үлгерімдерінің артуы мен білім сапасының дамуын қамтуы қажет.
- Тәжірибелік дағдыларды талдау оқу барысында теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын білім алушылардың кәсіби дамуына баға беруді қарастырады.

Білім алушылардың ағымдық үлгерімін бағалау келесі критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

- білім алушылардың емтихандық сессияға қатысу көрсеткіші;
- білім алушылардың үлгерім көрсеткіші;
- білім алушылардың білім сапасының көрсеткіші;
- білім алушылардың орташа балы;
- соңғы екі жыл сессиясының сапалық көрсеткіштерінің динамикасы;
- күндізгі және сырттай оқу бөлімдері сапалық көрсеткіштерінің ара қатысы;
- оқу тілдері арасындағы сапалық көрсеткіштердің ара қатысы;
- оқу курстары арасындағы сапалық көрсеткіштердің ара қатысы;
- 1 курс білім алушыларын қабылдау сапасымен емтихандық сессияның сапалық көрсеткіштерінің ара қатысы;

- білім алушылардың қорытынды мемлекеттік аттестациясын, студенттердің оқу жетістіктерін сырттай бағалауда пәндер арасындағы сапалық көрсеткіштердің ара қатысы;
- факультеттер арасындағы сапалық көрсеткіштердің ара қатысы;
- төменгі сапалық көрсеткішті мамандықтардың болуы;
- төменгі сапалық көрсеткішті пәндердің болуы;
- көптіліді топтардағы студенттердің үлгерімінің талдауы;
- төменгі сапалық көрсеткішті мамандықтар мен пәндердің пайда болуына себеп болған факторлар [2].

Қазақстанның білім беру жүйесін реформалау кезінде өзекті мәселелерінің бірі Болон процесіне Қазақстанның кіруі, сонымен қатар білім, құқық қорғау бағдарламаларының сапасын арттыру болып табылады.

ЮНЕСКО және Еуропа Кеңесі сияқты халықаралық ұйымдар білім беру сапасын арттыру мақсатында теориялық көзқарастарды, модельдер мен тегіктерді құрды. Олар осы ұйымдардың мүшелері болып табылатын барлық мемлекеттердің шешімі негізінде қабылданды.

Кең таралғандардың біріне сапа кепілдігін беретін 4-сатылы модельжатады. Ол өз ішінде:

- сапаны қамтамасыз ететін (сапа жүйесін сертификаттау жөніндегі ұйым) ұлттық органның болуына;
- ішкі мониторинг және ішкі аудит (бақылау);
- сыртқы сарапшылар мен білім беру мекемелеріне қатысуды (сыртқы аудит, бақылау) бағалауға;
- сапалы есептерді жүйелі жариялауға жауап береді [3].

Университетішілік бақылау— білім беру үрдісінің жағдай диагностикасының, оқу орнының негізгі нәтижелері үшін ақпараттың негізгі көзі.

Университет ішіндегі бақылау әдістері: зерттеу; тестілеу; мониторинг; қадағалау; құжаттарды сараптау; оқу сабақтарының талдау; әңгіме (сұхбат); сауалнама.

Университетішілік бақылау ресми тексеру жоспарлы немесе кенеттен (операциялық) аудиттер, мониторинг жүзеге асырылуы мүмкін.

Мониторинг түріндегі университетішілік бақылау білім беру сапасын тиімді басқару мәселелерін шешу үшін білім беру процесінің нәтижелері туралы ақпарат жүйесін есепке алу, өңдеу және талдауды қамтиды.

Білім және ғылым министрлігі мен аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің(НААР) бастамасы менқаржылық қолдауымен2006 жылдан бастап ең сәтті магистранттың білім беру бағдарламаларын іске асыратынжоғары оқу орындарының рейтингісін өткізеді. Ол университеттердің негізгі бес өлшемдері бойынша жүзеге асырылады: дарынды студенттердің, оқытушылар мен зерттеушілердің; ресурстардың болуы; халықаралық ынтымақтастық; бәсекеге қабілетті түлектері; озық ғылыми зерттеулер және олардың тиімділігін жүргізу.

Методология саласындағы НААР сарапшылары ЖОО бағалай отырып, әдістемеде ғылыми зерттеулер, академиялық ұтқырлық және халықаралық ынтымақтастық сияқты басылымдардың қолжетімділігін атап өтті.

2013 жылғы білім беру бағдарламасындағы бакалавр рейтингісінің қорытындысы бойыншаЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жетекші орынды (1 орын - 8 мамандық, 2 орын - 18 мамандық, 3 орын - 9 мамандық) ұстауды жалғастыруда.

Қазіргі кезде С.Торайғыров атындағы ПМУ-де факультеттің, кафедраның рейтингтік жүйесін бағалау ережелері құрылды. Жылдық рейтингті анықтау мүмкіндік береді:

- мұғалімдердің, кафедралар мен факультеттердің жұмысы жайлы объективті ақпарат алуға, сонымен қоса университеттің стратегиясы мен оны басқаруына ықпал ету жәнеоны түзету;

- декандар, кафедра меңгерушілері және мұғалімдер өз қызметтерін объективті бағалау, өздерінің күш-жігеріноны жетілдіруге бағыттау;

— жетекші оқытушылардың, кафедралар мен факультеттерді жүйелі талдауда олардың жұмысын жақсартып отырып, университет үшін стратегиялық бағыттарды қолдануға болатын статистикалық ақпаратты жинау;

— Персоналды ынталандыру құралдарын түрлі құрылымдық бөлімшелерінің басқару операциялық тиімділігіне әсер ету.

Қаз-тұтыну одағы Қарағанды экономикалық университетінде каскадты мониторинг өткізілген болатын. Каскадты мониторинг студенттердің сабақты түсінуі білім беру процесінің үш деңгейлі бақылауын көрсетеді. Бұл процесс ақпарат және оқыту каскадты мониторинг интеллектуалдық жүйесінде жүзеге асырылады.

Мониторинг, яғни білім беру процесінің сапасын бақылауы енгізілген, оқыту сабақтарының деңгейінен басталатын, ағымдағы және аралық бағалауды қосатын, бағалаудың нәтижесі негізінде аяқталатын және оқытудың бағыты кепілді сапаны қамтамасыз етуге ғана емес, автоматты ақпараттық жүйені қолдана отырып, сонымен қатар оқу жұмысының белгілі бір өлшемінің орындалуын қамтамасыз ететін бақылау.

Кафедраның практикалық жұмысшылармен түлек моделінің компетенттілігінің негізіне қойылған серіктестігінде қажетті компетенция құру және оқу нәтижесі сипатталды.

Оқу бағдарламасының кәсіби біліміне мониторинг жүргізу қажеттілігі әрбір жас маман үшін ЖОО-ның маңызды рөлі. Университет студентпен (болашақ жас маман) жұмыс беруші арасындағы басты байланыстырушы. Оқу мониторингі нәтижесінде алынған көрсеткіштер динамикасы – оқу сапасының маңызды критерийі. Мониторингтік зерттеу қаншалықты тиімді орындалғаны оқу орнының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуына бағытталған ЖОО-ның болашақтағы қызметіне байланысты. Толықтай айтқанда, кәсіби оқудың мониторинг жүйесі ЖОО-ның өзі жайлы ақпарат алуының маңызды көзі болып табылады [4].

Қолданылған әдебиет тізімі

1. Государственный общеобязательный стандарт образования Республики Казахстан. Послевузовское образование. Магистратура. Основные положения. ГОСО РК 5.04.034 — 2011. Утвержден Приказом Министра образования и науки РК от 17 июня 2011 г. № 261.
2. Каланова Ш.М., Бишимбетов В.К. Тотальный менеджмент качества в высшем образовании. — Астана: Изд-во «Финансы», 2006.
3. Жумагулов Б.Т. Динамичное развитие системы образования Республики Казахстан в Евразийском пространстве // Евразийская идея в новом мире. Междунар. науч. исследование. — Астана, 2011.
4. Овчинникова И.Г., Курзаева Л.В., Полякова И.В. МОНИТОРИНГ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ПРОЦЕССА ВУЗА // Современные наукоемкие технологии. — 2009. — № 11. — С. 82-85

ӘОЖ 004:378

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР ПӘНІНЕ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ОҚУЛЫҚ ҚҰРУ

Зұлпыхарова Жұлдыз Қалдыбекқызы

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.А.Дуйсенова

Ақпараттандыруда - білім беру жүйесі және онымен байланысты адамзат әрекеттерінің түрлері де бірге қалыптасады, нақтырақ айтқанда ол жаңа ақпараттық технологияның әсерімен маңызды өзгерістерді басынан өткере отырып ықпал етеді.

Білім беру жүйесін компьютерлендіру уақыттың негізгі құбылысы болып табылады және жалпы мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық талабы бар қазіргі кездегі Қазақстандағы